Жүргізуші: Қой, түлкі, тиме бауырсаққа. Оданда бізбен бірге шырша мерекесін тойлауға қал да, қызықты тамашала.

«Жаңа жыл» әні

Түлкі:Өте керемет эн. Ал, менің орманға баруым керек. Жарайды онда, кетейін. Сау болыңдар,балақайлар! (шығып кетеді).

Артынан жүгіріп қоян кіреді, шыршаны айнала «Құтқарыңдар, құтқарыңдар!» деп жүгіреді.

Жүргізуші: Қоян-ау, саған не болды?

Қоян: Қасқыр қуып келе жатыр. Біз Аяз атаны қарсы алуға шығып едік. Жолда түлкі мен қасқыр бізді қуды. Әне қасқыр келе жатыр. Аааа! Құтқарыңдар! (қасқыр кіре қоянға ұмтылады, жүргізуші оны тығады).

Жүргізуші: Батырым-ау, бұл қай басынғаның! Тоқтат енді. Көк жалды, айбарлы, кулағаның «қасқыр» деген даңқына сай емес қой. Ал айт жөніңді мына қоян саған неге қажет болды?

Қасқыр: Түлкі ғой, ұста деген.

Жүргізуші: Неге? Өзі қайда?

Қасқыр: Өзі Аяз атаны балабақшаға келтірмей адастыруға кетті. Ал мен қояндарды жегім кеп, осы жерге жеттім.

Жүргізуші: О, қу түлкі, жүрген жері айқай шу, түлкі! Орманға баруым керек деп еді.Бауырсақты бір қуып, қояндарды үркітіп, бір шатақты ұйымдастырмаса жүре алмайды-ау.

Қасқыр, сен қазір балаларға қонақ болып осында қаласың. Ал қоян мына жедел хатты ормандағы Аяз атаға жеткізсін. (Қояндар хатты алып шығып кетеді).

Қасқыр отырады.

Жүргізуші: Балалар, Аяз ата жоқ қой әлі. Мүмкін бір дауыспен Аяз атаны шақырамыз?

- Аяз Ата, Аяз Ата!

Есік ашылып Ақшақарын ертіп Аяз ата кіреді.

Аяз ата: - Сәлеметсіңдерме балалар! Жаңа жылдарың құтты болсын! Алыс жолдан Ақшақарымды ертіп алып, қандай өнерлерің бар екенін тамашалауға алып келдім. Кімнің өлең тақпағы бар, мен соны тамашалауға келдім.

Жүргізуші: Әсем ән де, би де бар.
Отыр, Ата, сәл демал!
Біздің балалар сіздерге өз өнерлерін көрсетеді.

Тақпақтар
Жаннет
Жаңа жыл, Жаңа жыл
Төгілсін жаңа нұр
Сыйлығын сүйретіп,
Келді міне, Жаңа жыл

А.Айлин
Ән саламыз, билеп,
Жырдан шашу төгілді
Бүгін біздің Жаңа жыл,
Қандай қызық көңілді

Р.Айлин
Бүгін біз көңілдіміз,
Жаңа жылды қарсы алып.
Мерекеге келгендерді
Құттықтаймыз ән салып

М.Аяла
Аппақ тонға оранып
Базарлықты мол алып
Келді алыс сапардан
Аяз ата оранып

А.Аяла
Аязды келіп қыс
Алғашқы қар ұшты
Аппақ болып үстіміз
Ақ қырау жабысты.

Азат
Аяз ата жол салып,
Ақ боранмен алысқан.
Балаларға базарлық,
Алып келді алыстан

Еңлік
Далада қар борайды,
Ақ мамыққа орайды
Мұз болады қатады.
Жып - жылтыр боп жатады.

Інжу
Кел, балалар, тақпақты
Тақылдатып айтайық
Аяз ата таң қалсын
Сыйлық алып қайтайық

Сержан
Аяз ата тыңдаңыз
Тақпақ айтып берейік
Ортамызда шыршамыз,
Ойнап бірге, күлейік.

Нұрая
Қыс келгенде далама
Қызығып тек тұрамын
Ат жегіп алып шанама
Аппақ қармен зырлаймын.

Ақшақар: Балалар, өте өнершіл екенсіңдер. Рахмет сендерге.

Жүргізуші: Аяз ата, Ақшақар, біздің балаларымыздың биін қабыл алыңыз.

Би «Үлпа қарлар»

Жүргізуші: Аяз ата, бимен қатар біздің балалардың жаңа жылға, сізге, Ақшақарға дайындаған тақпақтары да бар, соларды қабыл алыңыздар.

Тақпақтар
Азиза
Тамаша тамаша!
Шыршамыз тұр жараса
Жаңа жылда ертегі
Келе ме біздің бақшаға

Азим
Қыстың күні көңілді
Көп қызықты көреміз
Шығып алып далаға
Сырғанақты тебеміз

Ерасыл
Шанамызға мінеміз,
Мәз - мәйрам бо күлеміз
Жарысамыз бәріміз
Жарасып тұр сәніміз

Сәт
Қорықпаймыз аяздан
Шымшыса да бетімді
Аппақ қарды кешеміз
Киіп алып етікті

Томерис
Даламызға, қаламызға
Жаңа жыл келіп кіреді
Қартыңызға, жалпыңызға
Жалынды сәлем береді

Рамазан
Көрдің бе Аяз атаны
Аппақ екен сақалы.
Аппақ екен мұрты да
Аппақ екен шапаны

Тамирлан
Тілеймін мен бар әлемге
Дос көп болсын жанашыр
Ата - әже, әке - ана.
Құтты болсын Жаңа жыл

Зере

Бүгін біз көңілдіміз
Жаңа жылды қарсы алып
Мерекеге келгендерді
Құттықтаймыз ән салып

Қорлан
Ән саламыз, би билеп,
Жырдан шашу төгілді
Бүгін біздің Жаңа жыл,
Қандай қызық көңілді

Нұрдана
Кең пейілді, мол мейірлі
Сағынышпен табысқан
О, алақай, аяз атай
Келе жатыр алыстан

Диас
Даланыңда қаланың
Думандатып отбасын
Тағы, міне Жаңа жыл
Қақты уақыт қақпасын

Аманат
Жүзімізде күлкі ойнап
Қанаттанды жанымыз
Жаңа жылды біз тойлап
Шаттанамыз бәріміз

Ильяс
Бізбен бірге ойнайды
Жаңа жылды тойлайды
Барлық бала бақытты
Болса екен деп ойлайды

Аяз ата: Өте жақсы балалар. Балалар, осы біздің шыршамыздың шамдары неге жанбайды? Барлығымыз бірге Аяз атаға көмектесейікші.

Аяз ата балалармен бірге:

Қуант бізді, таңырқат,

Шамдарыңды жарқырат!

Ән: «Әппақ қар»

Аяз ата: Бәрекелді балалар. Барлығында мерекеге жақсы дайындалыпсыңдар. Жарайсыңдар!

Ақшақар: Балалар, мен сендерге ойын алып келдім! Сендерге сұрақтар қоям, сендер «иә» немесе «жоқ» деп айтасыңдар. Келістік па?

Ойын «Сұрақ-жауап»

1.аяз ата көңілді?

2.Ұнатады әзілді?

3.Ұнатады ән-биді?

4.-Ол жағады шыршаны?

5.Таратады сыйлықты?

6.Қасқыр оның баласы?

7.Аю оның ағасы?

8 Келеді Аяз жазда?

9.Күзде келеді бақшаға?

11. Өзі джинсы киеді?

12. Сыйлық береді балаға?

Ақшақар: Жарайсыңдар, балалар!

Жүргізуші: Ал, құрметті Аяз ата, Ақшақар осындай ақылды балаларға сіздің сыйлықтарыңыз бар ма?

Аяз ата: Әрине бар ғой. Бағана түлкі алып қалып еді, көмектесемін деп. Түлкі, әй түлкі, қайдасың өзің?

Ортаға қобдишамен түлкі келеді.

Түлкі: - Ха,ха,ха! Алдап қойдым, алдап қойдым.

Аяз ата: Түлкі жылдам айт, сыйлықты қайда жібердің?

Осы кезде шананы сүйретіп бауырсақ пен қоян кіреді.

Бауырсақ: Аяз ата, ренжіме, түлкі мен қасқырдан құтқардыңдар. Рахмет! Міне сендердің сыйлықтарың! - дегенде, қасқыр кіріп келеді:

Қаскыр: Сендер менсіз балаларға сыйлық таратып жатсыңдар ма? Мен де сыйлық бергім келеді. - деп, бірге Аяз атамен сыйлықтарды таратады, соған қызыға қарап, барлығы достасып сыйлық таратады.

Жүргізуші: Ал, енді біздің биімізді қабыл алыңыз.

«Көңілі» биі

Аяз ата: Рахмет сендерге балалар, біз енді қайтайық, басқа топтарды аралап, жаңа жылдарымен құттықтайық.

Осы кезде Жылан мен Жылқы кіріп келеді.

Жылан мен Жылқы бірге:Тоқтаңыздар, тоқтаңыздар. Бізді, ең басты қонақтарыңызды қарсы алмайсыңдар ма?

Жылан: Мешін, қарашы, олар мерекені тойлап жатыр. Бізді шақырмапты да.

Аяз ата:Достарым, олай болса кешіріңдер. Сендерді шақырмаған себебім, Жылан (Жыланға қарап), сен осы жылы көөөп жұмыс істедің. Жылқы (Жылқыға қарап), сенің жұмыстарың әлі алда. Сондықтан демалсын деген ойда болдым ғой. Ал келгендеріңіз жақсы болды. Біз өте қуаныштымыз. Солай ма, балалар?

Жылқы шыршаға қарап: Ооо, мынау не деген керемет ағаш! Пальма! Жо-Жоқ! Пальмаға ұқсамайды ғой. Ал мынау ілініп тұрған не нәрсе? Бананға ұқсамайтын сияқты.

Жылан: Уақыт зымырап бара жатыр. Сағат 12.00 соққан соң сен осы жылдың патшасы боласың, мешін. Мынау тәжіні саған сыйлаймын, сенің жылың байлық, молшылық әкелсін.

Жылқы: Ой, рахмет Жылан. Саған өте ризамын. Жарайды, қоштасайық. Сау болыңыз Аяз ата. Сау бол, Ақшақар. Сау болыңдар,балалар.

Артынан Қоян, Қасқыр, Түлкі, Бауырсақ рахметтерін айтып қол ұстасып шығып кетуге дайындалады: Біздің да кететін уақытымыз келіп қалды.

Барлығы:Келесі кездескенше!

Аяз ата:Тоқтаңдар, достарым.Сендерге да сыйлық дайындап қойдым. Бірге кетейік. Ал, балалар, мерекелерің жақсы өтті. Мен сендерге ризамын.

Ақша қар: Иә, Аяз ата, дұрыс айтасыз, біздің балалар бүгін қуантты. Рахмет, өте өнерлі, шеберлі екенсіңдер.
Қуанатын шақ болсын, дастарханға ақ толсын! Бізге келген жаңа жылда құт-береке, бақ болсын. Сау болыңдар.

Кейіпкерлердің барлығы қоштасып кетеді.

Балалар: Сау болыңыз!

Жүргізуші:
Әкелді жыл тыныштық,
Жарқын өмір жаңаша!
Жаңа жыл тамаша!
Құрметті қонақтар! Осымен біздің жаңа жыл мерекесіне арналған концерттік бағдарламамыз аяқталды. Назарларыңызға рахмет.

***Қыс келді деп – қуанып, бөбектермен ойнайық***

**«Құлыншақ» мад тобы**



**Тәрбиеші**

**Иржанова Тұрсынгүл Жасанқызы**

## *«Қыс келді деп – қуанып, бөбектермен ойнайық»*

## *отбасылық эстафеталық сайыс*

Мақсаты: Таза ауада спорттық сайыс жарысын ұйымдастыру арқылы ата-аналарды балабақша өміріне араластыру. Спортқа деген қызығушылығын арттыру, балалардың икемділігін, шапшаңдылығын, достыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: Доптар, шана, қапшық, кубиктер

Береке де осында

Мереке де осында

Болып жатыр той думан

Балабақша бағында

Көңіл қойып қараңыз

Жалындар тұр балаңыз

Қатысатын топтарды

Қол соғып қарсы аламыз







Тәрбиеші: Армысыздар ата-аналар, тәрбиешілер және балалар. Бүгін біздің балабақшажа үлкен мереке, біздің балаларымыздың ата-аналар арасында спорттық сайыс. Сайысқа қатысушы ата-аналар сайысқа қош келдіңіздер.

Отбасылық жарысқа

Әділқазы береді

Жеңімпазын анықтап

Бізге айтып береді деп, әділқазыларды таныстрайық.

Балабақша медбикесі:

Балабақша тәрбиешілері:

Бисенбекова А. және Жарасова Г. А.

Сайысымыз 5 бөлімнен тұрады.

1. «Кім жылдам» доппен кедергілерден өтеді
2. Қапшықпен секіру
3. Қар жинау
4. Шанамен жарыс
5. Кубиктерді құрастыру

1.«Кім жылдам»

Әр отбасылы топқа доп беріледі, кедергілер арқылы баласы жүгіріп, мәреден айналып келіп, допты анасына береді, ал анасы әкесіне береді.





2. Қапшықпен алма-кезек секіру.













3. «Қар жинау» жерде жатқан қарды шелекке салып, қарды жинау керек.

4. Шанамен жүру.

Баланы шанаға отырғызып жарысады.

6. Кубиктерді алып, әр түрлі үй, машина және т.б. заттарды құрастырады.





Тәрбиеші:

Қазылар орнықтырар әділдікті,

Кімдердің бірліктері кәміл шықты.

Бүгінгі отбасылық сайысында жеңіске жетер дейміз нағыз отбасы, деп әділқазыларға сөз кезегін береміз. Барлық қатысушылар номинациямен марапатталады. Белсенді, мерейлі, көркем, спорттық, көңілді. Бүгінгі сайысымыз аяқталды. Отбасыларға мың алғыс, сау болыңыздар.




Бекітілді: [signature]

Бекітемін

«Зере» бөбекжай балабақшасының

Меңгерушісі: Тайпетова А.Ж

# Тәуелсіз елім – Қазақстан!

***«Құлыншақ» мектеп алды даярлық тобы***



*Дайындаған: Иржанова Т.Ж*

*Аманкулова А.С*

*2025жыл*

Тақырыбы:Тәуелсіз елім – Қазақстан

Мақсаты: Балаларды Қазақстан Республикасы өз алдына дербес ел болуына 31 жыл толуымен таныстыру, тамыры терең тарихын еске түсіру. Оқушылардың білім деңгейін топтық жұмыс барысында арттыру арқылы өз еліне, жеріне деген сүйіспеншіліктерін таныта білуге үйрету. Оқушылардың тілін, ой-өрістерін, дұрыс сөйлеу дағдыларын, қабілеттерін дамыта отырып, шығармашылыққа баулу.Отанын сүюге, мақтаныш етуге, еліміздің нағыз азаматы бола білуге, ұйымшылдыққа, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: «Қазақстан» суреттер, слайд, видеофильм, сызбалар, түсті қағаздар.

Сабақтың барысы.

Тәрбиеші:

Шайқалмасын ешкімнің шаңырағы,

Бақыт көрсін Отанның сан ұланы.

Енді ағайын, көгінде қалықтасын,

Қазағымның қастерлі - Әнұраны!

**Әнұран орындалады.**

II.Кіріспе бөлім

Сұрақтар:

1.Отанымыз қалай аталады? / Қазақстан /

2. Қазақ елі қандай мемлекет? / тәуелсіз /

3. Мемлекеттік тіліміз қай тіл? / қазақ тілі /

Азат

Тәуелсіз елім

Тәуелсіздік – тартуы ол тәңірдің,

Тәуелсіздік – маңдайдағы бағым бұл.

Тәуелсіздік – сыбағасы халқымның,

Тәуелсіздік – таймайтұғын тағым бұл.

Жаннет

Тәуелсіздік – бабам берген аманат.

Тәуелсіздік келешектің кепілі.

Тәуелсіздік жүрмін сені бағалап,

Тәуелсіздік өткен күннің өтілі.

Аяла.А

Тәуелсіздік – тәубе екен бүгінде.

Тәуелсіздік – тәубе сенің барыңа,

Тәуелсіздік әр сәбидің үнінде.

Тәуелсіздік әр қазақтың жанында!

Айлин.А

Отан деген- атамекен.

Отанымды сүйемін мен.

Отан жерім,Отан елім

Міне,менің Қазақ жерім.

Корлан

Желтоқсанның қанды суық ызғары.

Қалың жұртым,қазағымды қорлады.

Тәуелсіздік қолдаған жастардың,

Отан үшін табандары тозбады.

Аманат

Тәуелсіздік еліміз

Мәңгі жасар жеріміз

Тәуелсіздік жасаған

Аға, Әпкелеріміз.

Томерис

Бабамның да арманы,

Осы еді ғой аңсаған,

Тәуелсіздік таңдары

Бақ береді баршаға

Көк туымды қолыма

Бүгін берік ұстадым

Түсті бақыт жолыма

Менің Қазақстаным!

Енлик

Қазақтың жері кең байтақ,

Бабамның берген еншісі.

Желбірей бер көк байрақ

Отанымның белгісі.

Инжу

Атағы артық, жаны аппақ,

Әй Отаным, Отаным

Үмітіңді мен ақтап,

Үлесімді қосамын.

Тамирлан

Елтаңбасы елімнің,

Неткен айбат әдемі

Тұнығындай көңілдің

Ортада аспан әлемі.

Ерасыл

Отан деген атамекен,

Отан деген туған жер

Отан-Ана, Отан үлкен

Қазақстан туған ел

- Өлеңде не туралы айтылған? - Тәуелсіздік дегенді қалай түсінесіңдер?

Тәуелсіздік 11 әріптен құралған,
Сан ғасырлар бар қазаққа боп арман .
Талай дара, даналардың көз жасы,
Қанымен атты таң боп бізге алдан.
Тәуелсіздік - қасиетті ұғым бұл,
Ей, келешек, жан - тәніңмен ұғып біл.
Он бір әріп не мағына береді,
Ал талдайық жеткенінше қызыл тіл.
Т - білдіреді теңдейді.
Ә - әдептілік ерлікті.
У - уайымсыз, уақытты.
Е - егеменді, елдікті.
Л - дейді лағып, лепірме.
С - сенімділік , секілді ең.
І - ілтипат пен ізет қой.
З - зиялылық тілек қой.
Д - шақырады достыққа.
І -ілкімді бол сақтыққа.
К - дейді күн боп көктегі.
Т ә у е л с і з д і к к е – 31 ж ы л

Ән: «Тәуелсіз елдің ұраны»

Тәуелсіздік-баға жетпес бағымыз,
Қымбаттанда ең қымбатты барымыз.
Тәуелсіздік - білектегі әліміз,
Тәуелсіздік - жүректегі әніміз.
Тәуелсіздік - топтастыру.

1991жылдың желтоқсан айының 16 күні қазақ елі шынайы тәуелсіздік алды. Биыл міне 31 жыл толып отыр. Тәуелсіздік бұл басымызға қонған бақ, бақыт. Осы

атаулы күнге арналған «Тәуелсіз елім - Қазақстан» атты тәрбие сағатымызды бастаймыз.

ҚР-ның тәуелсіздік алған мерекесі құтты болсын! Еліміздің егемендік алуы, халқымыздың тарихында жаңа дәуірдің бетін ашты, бүкіл өмірімізге жаңа леп, серпін ала келді.

Тәуелсіздік, еркіндік - ежелден елдің тілегі. Тәуелсздік халқымыздың бостандығы мен дербес даму жолындағы ғасырлық күресі. Тарих беттерін парақтасақ, қазақ халқы өзінің «Тәуелсіз ел» атануы үшін ұзақ, талай қанды қырғынды, зорлық-зомбылықтарды көрді, қасірет шекті.

Видео тамашалау

Бүгінгі біздің дербес ел болып, уығымызды қадап, шаңырағымызды көтеріп, ерікті еркін мемлекетімізді құрып, Қазақстан Республикасы атанып, көк байрақ туымызды желбіретіп әлемге әйгілі болуымыздың өзі – осы тәуелсіздікке қол жеткізуіміздің арқасы. Олай болса тәуелсіздігімге шаң жұқтырмай оны ең қымбат бұйымымыздай етіп, құрметтеп келер ұрпаққа аманаттап тапсыруға тиіспіз, оны ішкі - сыртқы дұшпандардан сақтауға міндеттіміз. Сонда ғана Тәуелсіздігіміз мәңгілікке мирас болмақ.

Дидактикалық ойын «Тәуелсізік тұғыры»

Егемендіктің арқасында дүние жүзіне танымал ел болдық. Тәуелсіздіктің белгісі неде? (Рәміздеріміз, мемлекеттік тіліміз, ұлттық валютамыз бар).

Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін атау. Еліміздің өзіне тән Туы, Елтаңбасы, Гимні бар.

Гимннің авторлары: Ш.Қалдаяқов, Ж.Нәжмединов, Н.Назарбаев

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы көгілдір түсті. Онда алтын күн бейнесі шарықтай ұшқан дала қыраны және ұлттық ою-өрнек нақышталған тік жолақ бар.

Тудың көгілдір түсі – бұлтсыз ашық аспан, бейбітшілік белгісі. Күннің нұр шұғыласы – байлық пен берекенің, тыныштық пен жылылықтың белгісі.

Қыран бүркіт – Тәуелсіздік белгісі. Өрнек – салт дәстүріміздің белгісі.

Мемлекеттік тудың авторы Шәкен Ниязбеков.

Қазақстан Республикасының Елтаңбасының бастысы – шаңырақ. Шаңырақ – киіз үйдің күмбезі. Ол күн бейнесін ал уықтар одан тарап жатқан алтын сәулелері. Қазақта «Ат – адмның қанаты» деген мақал бар. Елтаңбадағы тұлпар бейнесі дала пырағы оның шапшаңдығы ер жігітті тәуелсіздікке жетелейді. Бес бұрышты жұлдызы - әр адамның өміріне бағдар беретін өз жұлдызы сияқты. Күн мен айды, жұлдызды кие тұтатын халқымыз «Жұлдызың жарқырай берсін» деген асыл арманын айтып тұрғандай. Авторлары: Жандарбек Мәлібеков, Шота Уәлиханов

Балалар бір сергіп алайық.

- Мақал-мәтелдерді толықтырып айту

1. Халықтың ортақ үйі ... ( Отаны )

2. Отан - ....    ыстық    ( оттан да

3. Туған жердің ......    ыстық,   .....   ыстық  (күні де, түні де )

4. Отансыз адам - .....   ( ормансыз бұлбұл )

5. Өзге тілдің бәрін біл, .....  ( өз тілінді құрметте )

6. Өз елім - ... ( өлең төсегім )

7. Туған жердің жері  де  ..... , елі де    .... ( көрікті, сүйікті )

8. Найзасыз  .....  болмайды,  таңбасыз  .... болмайды. ( ел,  ер )

- Біздің еліміз-бай, әрі қуатты ел. Барлық халық, ұлт еркін өмір сүреді. Әркім еңбек етуге, білім алуға, дем алуға ерікті. Қазақстан Республикасының Конституциясы Қазақстанды өз Отаным деп есептейтін барлық азаматтарды ұлтына, нәсіліне, тұрған жеріне, қызметіне, байлығына, жынысына, діни нанымдарына қарамастан, заң алдында тек субъекті ретінде карастырады және тең дәрежеде қорғайды, азаматтық құқықтарына нұқсан келтірмейді.

Қорытынды:   Тәуелсіздік күні - Қазақ елінің тарихындағы ең атаулы күн, қазақ халқының сан ғасырлық арманының орындалған күні. Егемендік алғаннан бері Қазақстан өзін әлемге  әйгілі еді, бейбітшілікте өмір сүретін мемлекет ретінде танытты. Осы Тәуелсіздікті тұғырында нық ұстау үшін сапалы білім мен тәрбие керек.  Қазақстанның Тәуелсіздігі баянды болсын! деп бүгінгі "Тәуелсіз елім - Қазақстаным " атты тәрбие сағатымыз аяқтаймыз.

Бекітемін: ____________

«Зере» балабақшасының

меңгерушісі Тайпетова А. Ж.

# *Менің Отаным – Қазақстан!*

**«Құлыншақ» тобы**




*Тәрбиеші:*

*Иржанова Тұрсынгүл Жасанқызы*

**Тақырыбы:** *«Менің Отаным – Қазақстан!»*
**Мереке:** 25 қазан – Республика күні

**Мақсаты**

1. Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық сезімін тәрбиелеу.
2. Қазақстан Республикасының рәміздері мен мерекелерін танып-білуге үйрету.
3. Ән айту, би билеу, көрініс ойнау арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

**Залды безендіру**

- Сахнаның ортасында «Қазақстан Республикасы – 25 қазан» жазуы.
- Қабырғаларға көк түс, күн, қыран бейнелері, ұлттық өрнектер.
- Балаларға жалауша, шар, көк лента.

**Тәрбиеші:**
– Армысыздар, қадірлі қонақтар!
Бүгін біз барлығымыз үшін ерекше мереке – Республика күнін атап өтеміз.
Бұл күн – біздің Отанымыздың еркіндігін, тәуелсіздігін білдіретін күн.

**Әнұран**

- Балалар қолдарын жүрек тұсына қойып тұрады.
- **Мемлекеттік Әнұран** орындалады .

**Көрініс «Алтын шаңырақ»**

- Шағын сахналық қойылым.
- Әке мен Ана (тәрбиеші немесе балалар) қолдарына шаңырақ ұстайды.

**Әке:**
– Балаларым, мына шаңырақ – біздің бірлігіміздің белгісі.
**Ана:**
– Бірлік болса – тірлік бар.
**Балалар (бірге):**
– Біз – Қазақстанның бақытты ұрпағымыз!

**Ойын «Рәміздерді тап»**

Жүргізуші сұрақ қояды, балалар жауап береді:

- «Көк түсті, күн мен қыран бейнеленген – не?» → **Ту**
- «Шаңырақ бейнесі бар – не?» → **Елтаңба**
- «Мемлекеттік тіліміз?» → **Қазақ тілі**
- «Астанамыз қалай аталады?» → **Астана**

**Шығармашылық тапсырма**

Балалар топқа бөлініп, **Күннің сәулелі нұр шуақтарын құрастырады** (қағаздан қиылған бөліктерден).
Әр топ шағын уақыт ішінде суретті жинап көрсетеді.

**Ән челлендж**

Балалар бірге шырқайды: ***«Қазақ болып туғанда нетер ем»*** **(балаларға жеңілдетілген** нұсқа).

**Қорытынды**

**Жүргізуші:**
– Бүгін біз Республика күнін атап өттік. Бұл мереке – тәуелсіз еліміздің нышаны. Балалар, Қазақстан әрқашан бейбіт, бақытты, берекелі ел болып, көк байрағымыз биік желбірей берсін!

Балалар қолдарын жоғары көтеріп, хормен айтады:
«Қазақстан жасасын!»

**Отан — біздің үйіміз,**

**Достар — біздің күніміз.**

**Бірге күлеміз, бірге ойнаймыз,**

**Отанымызды бірге қуаттаймыз.**

Бекітемін:
«Зере» б/б-ның
меңгерушісі :
Тайпетова А.Ж.

# «Анама арнау – ретро мереке»

***«Құлыншақ» даярлық тобы***




***Дайындаған: Иржанова Т.Ж***

***Аманкулова А.С***

***2026 оқу жылы***

Жүргізуші:Құрметті аналар, аяулы әжелер, сүйікті апайлар!

Сіздерді көктемнің ең нәзік әрі шуақты мерекесі – 8 Наурыз халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Бүгін біз сіздерді өткен заманның жылы естеліктеріне жетелейтін ерекше ретро мерекеге шақырамыз.

Бұл мерекеде әжелеріміздің жастық шағы, аналарымыздың балалық кезі, мейірім мен жылылыққа толы сәттер еске түседі.

Қош келдіңіздер біздің мерекелік кешімізге!

Музыка әуенімен сәнденіп, ретро стильде киінген бүлдіршіндерімізді қарсы алайық!

(Балалар залға кіреді)

Би: «16 қыз»

Жүргізуші:Қандай керемет! Бүгін біздің балаларымыз нағыз өткен заманның сәнқойлары сияқты!

Ана – өмірдің шуағы,

Әже – отбасының берекесі.

Балалардың жүрегінен шыққан жылы тілектер сіздерге арналды!

Тақпақтар

Ерасыл Аналарды теңейміз ғой құндызға,
Күнге де, айға да, жұлдызға.
Өмір бақи анаменен
Бақытты ғой ұл-қыздар!!!

Али самад Ана пана,
Ана дана.
Өмірді әкелетін,
Ана ғана!!!

Сәт Жарқын жүзді жан анам
сендей болсын бар адам
сендей болса бар адам
шаттық кетпес баладан

Рамазан Әр сөзімді жаттаған,
Жүрегімде сақтаған,
Анашым деп мақтанам,
айналайын ақ анам!

Інжу Біз доспыз гүлдермен,
Текке оны жұлмаймыз
Той күні бір-бірден
Аналарға сыйлаймыз.

Сержан Сенен өскен балалар,
Батырлар мен даналар

Құттықтаймыз мейраммен
Құрметті аналар.

Жаннет Ақ анашым, аппағым,
Өзің жайлы тақпағым
Өзің жайлы әнім де,
Арнадым саған бәрін де.

Р.Айлин Шашымды өріп тараған,
Қабағыма қараған
Үлкен кіші демейді
Сыйлайды оны бар адам.

М.Аяла Айналайын анашым,
әлпештеген баласын,
Еміп өскен бөбекпіз,
анамыздың мамасын.

Нұрдана Ақ қабақты анашым,
күн сәулелі анашым.
Әлпештеген баласын,
айналайын анашым.

Еңлік Анам, анам, ақ анам
Мен өзіңдей ақ балаң,
Айтқан тіліңді аламын
Жұмсағанда барамын.

Азат Қозы бағып жүргенде,
Жаңбыр жауды.
Бір тамшысын әкелдім,
Анам, саған!
Гүлдер жауып кетіпті
Қырды, тауды.
Бір шоқ теріп әкелдім,
Анам, саған!

А.Айлин Анамыздың мейірлі
Жүзіне біз қараймыз.
Анамызды пейілді
Жомарт жанға балаймыз.

Дияс Әжем менің ақ әжем,
Ешкімде жоқ әжем.
Ертегі айтып береді,
Маған да сол керегі.

Ілияс Әжемді жақсы көремін,
Өлең айтып беремін.
Үлкен болып өскенде,
Бәрін алып беремін.

Томирис Тәттілерін сақтайды,
Томериске берем деп.

Мен тілеймін әрқашан,
Әжем аман болсын деп.

Зере Мені ертіп жетектеп,
Осы күнге жеткізген.
Бізді бағып өсірген,
Аман болсын жан әжем.

Азиза Ақылшымыз, данашым
Ұзақ өмір сүріңіз
Айналайын анашым
Алдымызда жүріңіз

А.Аяла Түн ұйқысын төрт бөліп
Әлпештеген анашым
Жақсы болсам асырып
Жаман болсам жасырып
Қамқор болған анашым

Тамирлан Тірегі болып жанында
Бірге еріп жүремін
Жанашырым жанымда
Тек әжем деп білемін

Қорлан Немересін жанындай
Әжем жақсы көреді
Қонаққа барса ұмытпай
Кәмпіт әкеп береді

Нұрая Қадірлі аналар көңілі
Көктемдей жайнап гүл ашсын
Бақытқа толып өмірі
Шаттыққа шаттық ұлассын

Жүргізуші:Анаға деген махаббат ешқашан ескірмейді.

Қазір балалар сіздерге жүректерінен шыққан әсем әнді сыйлайды.

Ән «Аяулы анашым»

Жүргізуші: Қыздары әкелерінің мақтанышы болып өссін,

ал әкелеріміз әрдайым отбасыларының қорғаны болып жүре берсін!

Әкелер мен сүйкімді қыздарымызға зор қошемет!

Вальс «Әкемен Қызы»

Жүргізуші:Бүгінгі мерекеде бүлдіршіндер

өздерінің сүйікті әжелеріне арнап

жылы тілектерін өлең арқылы жеткізбек.

Ән «Әжетайым»

Жүргізуші: Қазір біз өте қызықты ойын ойнаймыз.

Балаларымыз аналарын тек көздеріне қарап табуға тырысады. Себебі ананың мейірімді көзқарасын бала жүрегі әрдайым сезеді

Ойын шарты: «Анамның көзін тап»

Тәрбиеші алдын ала аналардың көздерінің жақыннан түсірілген фотосуреттерін дайындайды.

Барлық суреттер араластырылып, балаларға көрсетіледі.

Әр бала кезекпен шығып, фотолардың ішінен өз анасының көзін табуға тырысады.

Бала таңдағаннан кейін, тәрбиеші дұрыс жауапты көрсетеді.

Жүргізуші:Ана мен бала арасындағы мейірім – әлемдегі ең нәзік байланыс.

Енді аналар мен балаларды ортаға шақырып, әсем вальс биін тамашалайық.

Вальс «Ана мен бала»

Жүргізуші:Балалар үшін ана – ең жақын жан.

Олар сіздерге өз қолдарымен жасаған сыйлықтарын үлкен махаббатпен дайындады.

Ән: «Әдемі ана»

(Балалар сыйлық береді)

Жүргізуші:Біздің мерекеміз де аяқталуға жақын.

Бірақ ананың мейірімі, әженің жылуы, баланың махаббаты – ешқашан таусылмайды.

Құрметті аналар мен әжелер!

Сіздерге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, шаңырақтарыңызға шаттық пен береке тілейміз!

Көктем әркашан жүректеріңізде гүл ашсын,

Балаларыңыздың күлкісі үйіңізді шаттыққа толтырсын!

8 Наурыз мерекесі құтты болсын!

# «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі »

«Құлыншақ» мад тобы




Тәрбиеші:

Иржанова Тұрсынгүл Жасанқызы

**Тақырыбы: «Ұрпақ тәрбиесі – ұлт тәрбиесі»**

**Өтетін күні:** 6 мамыр

**Қатысушылар:** балабақша тәрбиеленушілері

**Мақсаты:**

Балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу.

Отанды сүюге, қорғаушыларды құрметтеуге баулу.

**1. Кіріспе бөлім**

(Көңілді музыка ойнап тұрады, балалар сапқа тұрады)

**Жүргізуші:**

Қайырлы күн құрметті балалар!

Бүгін біз ерекше мерекеге жиналып отырмыз.

Бұл – достық пен батырлықты дәріптейтін күн!

1 мамыр – халықтар достығы күні,

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні!

Олай болса, мерекемізді бастайық!

Бірлігі пен ынтымағы халықтың -

Көгімізде жарқырап тұр жарық күн!

Ырыс, дәулет бақыты үшін халықтың,

Жайнай берсін, жайнай берсін алтын күн!

**Ән:** «Әрқашан күн сөнбесін»

**Жүргізуші:**Бүгін біздің балаларымыз мерекеге арналған жыр шумақтарын арнамақшы соған кезек берейік,Балалардың тақпақтары:

Інжу:

Әскеріміз айбынды

Қорғайды ел байлығын

Бейбіт өмір сыйлаған

Ілияс:

Батырларға мың алғысым

Бірлік күні – шаттық күн

Достық туы көкте тұр

Тату – тәтті ел болып

Бақытты өмір кешеміз біз бүгін!

Ерасыл:

Әр ұлттың бар үні

Бір шаңырақ – тірегі

Бірлік болса әрқашан

Жарқын болар тірлігі!

**Жүргізуші:**Ал ендігі кезекте сайыс ,Қыздарды қол өнер сайысына шақырамыз ,

Ер баларымызды сапқа тұрғызайық,(Екі топ сапқа тұрады )

Балалар, біздің елімізді кім қоргайды?

(Балалардың жауабы) Сарбаздар!

Дұрыс!Сарбаздар ягни батыр ағаларымыз бен әкелеріміз !

Ендеше сіздерде бүгін сарбаздар секілді өнер көрсетіп сайысқа түсесіздер,

(Ойындар ұлдарға)

1-ойын атауы: **«Сарбаздар жарысы»**

(Кедергілерден өту, )

2-ойын атауы: **«Кім мерген?»**(садақ ату)

3- ойын атауы: **«Дәл тигіз»** (кеглилерді доппен құлату)

**Жүргізуші:**Тілі бөлек болған менен тілек бір,

Ұлы достық мәпелеген жүрек гүл.

Қазақстан бар ұлысқа шаңырақ,

Шайқалмастан шаттығымыз тіреп тұр

**Би**

**Ортақ би:** «Достық биі»

(Әртүрлі ұлттың элементтерімен флэшмоб)

**Жүргізуші:Тыныштық баршамыздың ұранымыз**

Мәңгілік таусылмайтын жыр әніміз

Арманның асқарына қанат қаққан

**Бақытты бейбіт елдің ұланымыз**

**Ән:** «Бақытты балалық шақ»

Қорытынды бөлім

**(Барлық балалар бірге ортаға шығады )**

**Жүргізуші:**

Бүгін біз достықтың қандай маңызды екенін көрдік,

**және Отан қорғаушылардың ерлігін құрметтедік.**

Балалар, әрқашан дос болайық,

Елімізді сүйейік, қорғайық!

**Ал енді әділ қазыларға сөз кезегін берейік өткен сайыстарымыздың бағасын берсін!**

(Сайыстың қорытысын жасап марапаттау рәсімі)

**Жүргізуші:** Болсын жер мен су да ортақ.

**Болсын біздің ту да ортақ.**

Ақпыз, қара, сарымыз,

Ағайынбыз бәріміз.

**Бейбітшілік заманда ұландарымыз өсе берсін қырандармыз самғап, көк Туымыз мәңгі** желбіресін!Жасай бер Қазақстаным!

**Осымен бүгінгі мерекелік шарамыз аяқталды !**

Бекітемін:

«Зере» балабақшасының

меңгерушісі Тайпетова А. Ж.

# «Тіл – татулық тірегі»

**«Құлыншақ» тобы**




**Тәрбиеші:**

**Иржанова Тұрсынгүл Жасанқызы**

Тақырыбы: «Тіл – татулық тірегі».

Мақсаты: Балаларды өз ана тілінде таза сөйлеуге, қадірлеп, қастерлеуге тәрбиелеу. Балалардың үш тұғырлы тілді меґеруіне бағдар беру. Ана тілді білу арқылы балаларды ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: сұрақ-жауап, жұмбақ айту, әңгімелесу, тақпақтар айту.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік гимні орындалады.

— Балалар, бүгін бізде ерекше күн. Неге екенін білесіңдер ме? Себебі біз Тіл мерекесін тойлағалы жатырмыз. Бүгінгі ашық оқу қызметімізде Тіл мерекесіне арналмақ. Олай болса қазір біз шаттық шеңберін құру арқылы, көтеріңкі көңіл күймен оқу қызметімізді бастайық.

Шаттық шеңбер.

Бұл жанды тіл – менің азат тілім, Жадымда талмай самғар қанат тілім. Жыры — қуат, сөзі – ана уызындай, Жасай бер, Ана тілім – Қазақ тілім!

— Балалар, бүгінгі оқу қызметімізді бастамас бұрын мен сендерге бір жұмбақ жасырамын. Сендер сол жұмбақтың жауабын табу арқылы бүгінгі Тіл мерекесіне арналған тақырыбызды аша түсетін боласыңдар. Олай болса жұмбақты мұқият тыңдаңдар.
Жағалай-жағалай тас қойдым,

Жирен атты бос қойдым. (Тіл мен тіс)

— Дұрыс айтасыңдар. Мінекей көрдіңдер ме жұмбақтың жауабы да бүгінгі тақырыбымызбен тығыз байланысты екен я.

— Балалар, айтыңдаршы біз қай мемлекетте тұрамыз?

— Ұлтымыз қандай?

— Біз қай тілде сөйлейміз?

— Біздің ана тіліміз қай тіл?

(Балалар сұрақтарға жауап береді)

— Балалар, сендер білесіңдер ме біздің «Тіл туралы» Заң қашан қабылданғанын?

1989 жылы 22 ыркүйекте «Тіл туралы» Заңымыз қабылданды. Тіл – қандай ұлтта, елде болмасын әрқашан қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл туралы көптеген ғалымдарымыз, ақын-жазушылырымыз өз ойларын айтып кеткен болатын. Ұлылардан қалған ұлы сөздерге қысқаша құлақ асайық.

Қазақ тілінде – Сәлеметсіз бе?

Орыс тілінде – Здраствуйте?

Ағылшын тілінде – Hello?

Ал енді балалардың тақпақтарына кезек берейік.

Тамерлан:

Ана тілім бал тілім
Өзің барда шалқыдым
Өз тілімде ән шырқап
Термелетіп балқыдым.

Диас:

Тілім барда мақтанам
Тілім менің аппақ ән
Бірлігімді бүгінгі Ана тілім сақтаған.

Аяла:

Ана тілің - арың бұл
Ұятың боп тұр бетте,
Өзге тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте...

Зере:

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім.
Шыр етіп жерге түскен минутымнан
Құлағыма сіңірген таныс үнім.
Ең бірінші сол тілмен сыртқа шықты,
Сүйгенім, сүйсінгенім, жек көргенім.

Мухаммад:

Қазақ тілі – қазақтың ана тілі,
Бірақ оған адам аз бас иетін.
Қазақ тілі – қазақтың дара тілі,
Кейбіреулер түсінбес қасиетін.

Мінекей балалар, Тіл – халықтың жаны демекші әр халық өз ана тілін ешқашан ұмытпауы тиіс. Ертеңгі болашағымыздың иесі сендер болғандықтан өзіміздің ана тіліміз – қазақ тілі екендігін естен шығармаңдар. Тілімізді қадірлеп, қастерлей білесіңдер деген ниетпен бүгінгі оқу қызметімізді аяқтаймыз. Келген қонақтарымызбен қоштаспай әрі қарай өз өнерлерімізді көрсететін боламыз. Сендерге рақмет балалар.

Бекітемін:

«Зере» балабақшасының

меңгерушісі Тапенова А. Ж.

# Тақырыбы: «Айбары асқақ – Ата Заң!»

**«Құлыншақ» тобы**




Тәрбиеші:

Иржанова Тұрсынгүл Жасанқызы

**Айбары асқақ – Ата Заң!**

Мақсаты: Балалардың Отанға деген сүйіспеншілігін ояту, ұлтжандылыққа тәрбиелеу. Патриоттық сезімін ояту. Қазақстанның келешегі екеніне көз жеткізу.
Көрнекілігі: мемлекеттік рәміздер, әнұранның фонограммасы

Әдіс - тәсілі: Түсіндіру, сұрақ - жауап, әнұран, ойын.
Балалар шаттық шеңберге тұрып амандасады:
Амансың ба, көк аспан!
Амансың ба, жер - ана!
Амансың ба, достарым!
Сендерді көрсем қуанам.

Тәрбиеші:

- Қазақстан Республикасы тәуелсіз, егеменді мемлекет. Еліміз тәуелсіздікті 1991 жылы алды. Қазақстан мемлекеті өз егемендігін алған соң 30 - тамызда 1995 жылы өз Ата Заңымыз қабылданды. 30 тамыз – мемлекеттік мереке Конституция күні деп аталды.

Елдігімнің – рені,
Теңдігімнің – тірегі,
Мүддесінен халықтың
Ажырамас бір елі.
Алтын заңым – арай таңым! – дей келе
Балаларға еліміздің тәуелсіздігін дәлелдейтін өз рәміздері барын түсіндіреміз.
Мемлекеттің барлық азаматтары - үлкендерде, балалар да - мемлекеттік рәміздерді, олардың символикаларын білуі және түсінуі тиіс.

Өз еліңнің Туын, Елтаңбасын және Әнұранның құрметтеу ол өз Отаныңды құрметтеу және сыйлау.
- Балалар, біз қай елде, қай Республикада тұрамыз?
- Қазақстанның елордасы қай қала?
- Президентіміз кім?
- Біз Қазақстан Республикасының рәміздерін білеміз бе?
- Балалар сендер рәміздер туралы білесіңдер ме?
Тәрбиеші:
Қатар шапқан қос тұлпар,
Ай үстінде қазақ үй
Қалықтаған жас сұңқар.
Шарықтаған таза күн
Бұл таңбасы елімнің,
Елдігімнің белгісі.

Балаларға елтаңбаны көрсетіп түсіндіреді.

Тәрбиеші: Отан туы желбіреп,
Көз тартады құбыла.
Біз қараймыз елжіреп,
Туған жердің туына.
Балаларға туды көрсетіп түсіндіреді.

Тәрбиеші: Әнұраным - жан ұраным,
Айтар әнім, сөйлер сөзім.
Туған жерім сағынарым,
Мәңгі - бақи шырқалады,
Республика әнұраны.

Балаларға әнұран айтуды ұсынады.
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны орындалады.
Қимылды ойын «Киіз үй»
Көтеріліп шаңырақ,
Уықтары шаншылар.
Керегелер керіліп,
Өрімдей боп өрілер,
Бәріміз жүрсек айналып,
Киіз үй боп көрінер.

**Қортынды:**
- Ал енді балалар сабағымызды қорыта келе тудың суретін қағаз бетіне сауатты бейнелеп үйренеміз.
Мемлекеттік ту ортасында отыз екі сәуле тараған, күн бейнеленген, күннің астында қалықтаған дала қыраны бар. Ағаш сабына бекітілген тұста ұлттық оюлармен кестеленген. Күн, арай, қыран және ою өрнек алтын түсті ғып бейнелейміз.

Бүгінгі біздің еліміздің Ата заңы – Конституция күнімен барлықтарынды құтықтаймын! Еліміз тыныш, жұртымыз аман болғай! Көк байрағымыз көгімізде желбірей берсін! Ана тіліміздің мәртебесі көтеріле берсін.

Бекітемін: ____________

«Зере» балабақшасының

меңгерушісі Тайпетова А.

# «Нені білдік? Не үйрендік»

**«Құлыншақ» мад тобы**




*Тәрбиеші:*

*Иржанова Тұрсынгүл Жасанқызы*

*Аманкулова Асельхан*

Тақырыбы: «Не үйрендік? Нені білдік?»

Мақсаты: Балалардың жыл бойы алған білімдерін пысықтау. Ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту.

Достыққа, ұйымшылдыққа, белсенділікке тәрбиелеу.

Сабақ барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі
   Шаттық шеңбер
   Күннің көзі ашылды
   Көкке шуақ шашылды
   Бізге қонақ келіпті
   Төрімізге еніпті
   Тәрбиенің басы ғой
   Сәлем беру әркімнің
   Саламатсыздарма!
   II Кіріспе бөлім
   Тәрбиеші:
   -Балалар, біз бір жыл бойы көп нәрсе үйрендік. Бүгінгі сабақта «Не үйрендік? Нені білдік?» атты білім саяхатына шығамыз.
   III Негізгі бөлім
   1-аялдама «Сауат ашу әлемі»
   - Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату
   - Буынға бөлу
   - Сөз құрастыру

   Мамандықтар «Кім болам?»

   Мысалы: Алма, балапан, орындық

   2-аялдама «Математика әлемі»

   Тапсырмалар:

   * 1-10 дейін санау (тура, кері)

   * Геометриялық пішіндерді атау (түстерімен)

   * Сандардың көршісін табу

   * Таяқшамен сандарды орналастыру

   3-аялдама «Табиғат әлемі»

   - Жыл мезгілдерін атау
   - Үй жануарлар мен жабайы аңдарды атау
   - Төлдерін табу

   Ойын «Не артық?»

   Сергіту сәті

Күн болып ашылайық

Гүл болып жайнайық

Құстар болып ұшайық

Бір отырып, бір тұрып

Бойымызды жазайық.

IV Қорытынды бөлім

Тәрбиеші: Балалар, бүгін біз не үйренгенімізді көрсеттік. Сендер өте білімді, ақылды балаларсыздар)

Ойын «Сиқырлы сандық»

Шарты: Сандықтан сұрақтар алынады.

Сұрақтар:

- Бір аптада неше күн бар?
- Жыл мезгілдерді ата
- Сандар, дыбыстар нешеге бөлінеді
- Қандай Республикада тұрамыз?
- Рәміздерді ата

Бекітемін: 

«Зере» балабақшасының

меңгерушісі Тайпетова

15.05.2026

# «Көңілді теңізшілер»

**«Құлыншақ» мад тобы**



***Тәрбиеші:***

***Иржанова Тұрсынгүл Жасанқызы***

***Аманкулова Асельхан***

Тақырыбы: «Көңілді теңізшілер»
Мақсаты: Балаларды мектепке шығарып салу. Өнерлерін көрсету. Тәрбиешілерге, қонақтарға алғыс білдіру.
1 Тәрбиеші: Құрметті ата-аналар, қонақтар бүгін ерекше күн біздің кішкентай теңізшілеріміз үлкен өмірге, мектепке жол тартады. Балаларға ақ жол, сәт сапар!
2 Тәрбиеші: Қош келдіңіздер құрметті қонақтар! Міне бүгін бүлдіршіндеріміз өсіп ер жетіп, өмірге үлкен жолдама алып, мектепке барғалы жатыр.
Балабақшамыздан тәлім –тәрбие алып, өмірлері шат күлкіге толып, мерекелер әр түрлі іс шаралар өткіздік. Балаларымызға сәттілік тілей отырып, ортаға «Құлыншақ» тобының теңізшілерін ортаға «Теңізшілер» биімен шақырайық.
Би «Теңізшілер»
Өтті қызық көп күндер
6 жасқа жеттіңдер
Барасыңдар мектепке
Бір белестен өттіңдер
Өсті міне бойларын
Өсті ақыл ойларын
Қуанышқа ортақпыз
Құтты болсын тойларың-келесі тақпақтарға берейік.
**Азат**
Балабақша — алтын ұям,
Жүрегімде мәңгі тұрар.
Тәрбиемен сусындап,
Арманым алға ұмтылар.
**Айлин А.**
Теңіздей кең білім алдым,
Толқынмен бірге ойнадым.
Ұстаз берген ақылмен,
Биіктерге бойладым.
**Аяла А.**
Кішкентайдан өсірген,
Мейірімге бөлеген.
Балабақша — жан анам,
Жүрегімде сен мәңгі!
**Тамерлан**
Бүгін біздер теңізшіміз,
Жолға шықтық бәріміз.
Балалықтың кемесімен,
Арманға біз жетеміз.
**Сәт**
Толқындарды кешеміз,
Қиындықты жеңеміз.

Ұстаз берген біліммен,
Алға қарай жүреміз.
**Аяла М.**
Білім деген — теңіз ғой,
Шексіз терең, кеңіз ғой.
Сол теңізге жол ашқан,
Балабақша — негіз ғой.
**Нұрая**
Балалықтың бал күні,
Өтті міне, жарқылы.
Енді бізді күтеді,
Мектеп деген алтын үй.
**Ілияс**
Бүгін біздер қоштасып,
Жаңа жолға бастаймыз.
Балабақша естелігін,
Жүрекке біз сақтаймыз.
**Али-Самад**
Толқынменен сырласқан,
Кеме болып сырласқан.
Балалық шақ — бір ертегі,
Жүректе мәңгі жыр қалған.
**Сержан**
Арманым көп, асқақ биік,
Болашағым анық, айқын.
Балабақша берген білім,
Жол көрсетіп тұр жарық.
**Ерасыл**
Көңілді күндер артта қалды,
Балалық шақ қол бұлғады.
Енді бізді алға жетелер,
Білім атты кең даңғыл.
**Диас**
Теңізші боп армандап,
Жолға шықтық жалындап.
Мектеп жаққа бет алып,
Барамыз біз шабытпен.
**Зере**
Балабақша — алтын бесік,
Тәрбиеңмен өстім есіп.
Сенен алған әрбір күн,
Жүрегімде тұр кешіп.

**Інжу**

Ұстазымның ақылы,
Жол көрсеткен шамы еді.
Сол жарықпен біз бүгін,
Алға нық қадам басамыз.

**Айлин Р.**

Бүгін міне, үлкен күн,
Қоштасамыз бәріміз.
Балалықтың кемесімен,
Жаңа өмірге келеміз.

**Азиза**

Тәрбиеңе бас ием,
Ұмытпаймын ешқашан.
Балабақша — жүрегімде,
Мәңгілікке сақталған.

**Рамазан**

Достарыммен бірге өстім,
Күлдім, ойнап, ән де айттым.
Сол күндерді сағынам,
Жүрегімде сақтаймын.

**Нұрдана**

Алда бізді мектеп бар,
Білім толы үлкен жол.
Сол жолдарға нық басып,
Жетеміз біз биікке.

**Еңлік**

Балалық шақ — бір әлем,
Жарқын, таза, мөлдір ең.
Сол әлемді сыйлаған,
Балабақша — мәңгі сен.

**Рамазан**

Теңізші боп бүгін біз,
Жолға шықтық бәріміз.
Арман қуып алысқа,
Қанат қағып барамыз.

**Томирис**

Кеме жүзді алысқа,
Толқын алып алға.
Балабақша, қош бол енді,
Көріскенше, жанымда!

**Жаннет**

Қоштасамыз бүгін біз,
Сағынышпен бәріміз.
Балабақша, рахмет саған,
Өсіргенің үшін бізді!
2 Тәрбиеші:
Ақ сандықты ашайық
Бұл мереке бұл тойдың
Беташарын жасайық
Мына бала қай бала?
Емес сірә жай бала
Бала-бақша түлегі
Шәкірттікке сай бала
Бәрін қабын алайық
Көңілдерін табайық
Ыбырай баба қуансын
Шәкірттікке алайық,-деп отырып, балалардан ән шашу «Рахмет ағай, апайға» қабыл алыңыздар.
Ән «Рахмет ағай, апайға»
Тәрбиеші:
Қарашы бүгін күн қандай?
Қалайша қаласың нұрланбай?
Вальс билесе түлектер
Жер шарын айналып тұрғандай
Би «Вальс»
Тәрбиеші:
Жолдарың болсын, сәт сапар!
Бақытты бәрің болыңдар
Жақсы оқып сабақты
Кілең «бестік» алыңдар
Ән «Оқуда озат боламын»
Күтпеген сәт: «Қарақшы кіреді» (Музыка)
«Мен сендерді жолдарыңды бөгеймін. Егер тапсырмаларыңызды орындасаңдар ғана жіберемін.»

1. Сұрақ-жауап
2. Арқан тарту
3. Шар үрлеу

Тәрбиеші:
Ақ тілекті ағытып біз тастайық
Қоштасатын әнімізді бастайық
Әдеппенен өнегелі үйреткен
Бақшамызды есімізде сақтайық, деп отырып ұл қыздарымыздың «Қош бол, бала-бақша» әнін қабыл алыңыздар!

Ән «Қош бол, балабақша»
Ойын ойнап өскен баламыз
Өссін ақыл ой мен санамыз,-дей отырып, ата-аналар мен ойын
Ойынның шарты: шардыүру арқылы стакандарды партадан түсіреміз.
Тәрбиеші:
Сезімде туған баламыз
Оянды ақыл-санамыз
Адалдықтың бастауын
Өзіңнен алып барамыз, деп ортаға теңізшілеріміздің «Көңілді» биін тамашалайық.
Би «Көңілді»
Тәрбиеші:
Айналайын гүлдерім
Ақ шуақты күндерім
Ерекше қызық тілдерің
Естен кетпей үндерін
Сүйкімді балғын балашақ
Сендердікі болашақ
Озат болып оқыңдар
Ойға білім тоқыңдар, деп бүгінгі «Көңілді теңізшілер» атты мектепке шығару ертеңгілігіміз аяқталды. Сау болыңыздар.
Балабақшамыздың директоры А. Зорхановна ханымға сөз береміз.
Марапаттау. Ата-аналарға сөз береміз.

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы**

**№3**

**Тақырыбы:** «Біз мектеп барамыз»

**Мақсаты:** Балалардың жеткен жетістіктері мен іс-әрекеттер бойынша қорытынды жасау. Мектепке дайындықтарын байыптау.

**Өткізілген күні:** 11.03.2026ж

**Топ:** «Құлыншақ» тобы

**Қатысқандар:**____

**КҮН ТӘРТІБІНДЕГІ МӘСЕЛЕЛЕР:**

1.Сәлемдесу.

2. Балалардың оқу жылындағы жетістіктерін талқылау

3. Мектепке дайындық бойынша ұсыныстар мен кеңестер

4. Ата-аналардың сұрақтары мен пікірлері

5. Қорытынды сөз алғыс айту